**ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

# ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Қызылорда «Болашақ» университеті – кредиттік оқыту технологиясына негізделген кәсіптік білім берудің екі сатылы үлгісінде мамандарды даярлауды жүзеге асырады, бұл білім деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттыруға көмектеседі.

Университеттің сапа менеджменті жүйесі – бұл қолданыстағы және әлеуетті тұтынушылар алдында білім беру және ғылыми-зерттеу үрдістерінің сапа кепілі.

Саясат қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне, профессорлық-оқытушылық құрамның, ғылыми орталықтардың, зертханалардың әлеуетіне негізделген, олардың қызметі ғылымның, білімнің интеграциясын, тәжірибеге бағдарланған қабілетті кадрларды даярлауды, жаңа технологияларды, білімдерді, инновациялық идеяларды қалыптастыру мен беруді қамтамасыз етеді.

**Қызылорда «Болашақ» университетінің сапа саясаты ескереді:**

- инновациялық оқу жүйесін жетілдіруді, заманауи ақпараттық білім беру технологияларын енгізуді, оқытуда іс-тәжірибелік бағдарлануға ерекше назар аударуды;
- бәсекеге қабілеттілігі, дағдылары мен қазіргі қоғамда бейімделу қабілеті бар мамандарды даярлауға жүйелі көзқарас;
- білім беру бағдарламалын әзірлеу мен іске асыру процесіне жұмыс берушілерді қатыстыру;
- жоғары білікті кадрлық әлеуетті қалыптастыруды;
- академиялық, ғылыми-зерттеу қызметтерінде, құжат айналымы саласындағы университетті цифрландыру арқылы қызметкерлердің цифрлық дүниетанымын жетілдіру;
- оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуді;
- қолданыстағы талаптарды сақтау міндеттемесі: Қазақстан Республикасының заңнамасы, ISO 9001:2001 стандарты;
- тиімді сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) жетілдіруді;

Қызылорда «Болашақ» университетінің жоғары басшылығы осы сапа саясатын іске асырудың көшбасшысы болып табылады, ол аталған саясатты және университеттің стратегиялық даму бағдарламасын іске асыруға ұжымды жұмылдырып, жұмысқа көңіл бөлуде жеке үлгі көрсетіп, СМЖ қағидасына шынайы берілгендігін танытады.

**Қызылорда «Болашақ» университетінің**
**ректоры м.а.** **А.М.Шильманова**

Ғылыми кеңестің № 1 хаттама, «01» 09 2022ж. шешімімен қабылданып, мақұлданды.